

Қазақстан Республикасының
президенті Н.Ә.Назарбаевқа

Қазақстан Республикасының
Жоғарғы сотының төрағасы
Ж.Асановқа


Алғыс хат

Мені 2017 жылдың қыркүйек және қазан айларында алаяқ жас келіншекзейнетақыңды көтеріп беремін, қант ауруынан құлан таза емдеп беремін деп, менің тыстырнақтап, шалыма ас беремін деп жинаған 300 000 теңге ақшаларымды, құны 150 000 теңге тұратын бала шағамның алып берген алтын бұйымдарымды сыпырып, жалпы құны 450 000 теңге шығын келтіріп, жер табандатып кетті.

Бала шағамның әперген алтындары мен шалыма ас беремін деп тістырнақтап, зейнетақымнан жинаған 300 000 теңгемнен айырылған соң қатты уайымдап, жан күйзелсіне түсіп, қантым мен давлением көтеріліп, орнымнан тұра алмай жатып қалдым. Осы уайым мен қйғының, өлім мен өмірдің арасында жүргенімде, Сарыағаш аудандық сотынан шақырту келді. Сөйтсем, әлгі алаяқтың ісі сотқа өткен екен.

Сарыағаш сотында қылмыстық іс сот төрағасы Т.Машраповтың басқаруымен қаралды. Жалғыз мені емес, менен басқа бірнеше қаряларды қан-қақсатқан алаяқтың ісін төраға қарап, менің жанайқайымды терең түсініп, өзінің тауқыметіндей егжейтегжейлі талқылап, өзінің әділ, нағыз бұрынғының билеріндей қара қылды қақ жарып, қарағанына риза болып, күннен күнге денсаулығым дұрыстала бастады. Өйткені, сот Т.Машраповтан мені қолдап, жылы сөздерін айтып, маған күш қуат беріп, «Уайымдамаңыз, ақшаңыз бен алтындарыңызды түгел қайтартып беремін» деген сөздері бүгінге дейін құлағымда сақталып келеді. Істі сот Машрапов Тасболат бірнеше рет қарап, менің алтындарым мен 300 000 теңге ақшамды қолма-қол қайтарып берген кезде еріксіз көзімнен жас шықты. Міне нағыз би деп осыны айт. Сот төрағасы Тасболат Машраповқа ризашылығымды білдіріп, «Шырағым өс, өн, қатарыңның алды бол, қызметің өссін, бала шағаң аман болсын» деп аямай аналық батамды бердім.

Содан кейін қуаныштан денсаулығым да жақсы болып кетті. Ел-жұртты, құда жекжатты, ағайын туысты жинап шалыма құран оқыттым. Жиналған жақсылар мен жайсандарға болған оқиғаны айтып бердім, сол кезде әулетімізбен түгел жиналды. Өйткені, ол алтындар енемнен қалған ескі көз және бала-шағаларым мен немерелерімнің әперген сыйлығы еді. Мен ол алтындарды миллион ақша берсе де ауыстырмаймын.



Осы жағдайды естіген құда-жекжат, ағайын туысқандардың ішінде «Сотқа бата беріп, ризашылығыңызды білдіргеніңіз дұрыс, бірақ сол сотты тағайындайтын Президент Назарбаев Нурсултан және оларға басшылық жасайтын Жоғарғы сот төрағасы Асанов Жақып, сіз сол кісілерге де алғыс айтыңыз» деп кеңес берді. Мен көп балалы анамын, білімім орта, бір немеремді шақырып алып, осы алғыс хатты жазайын деп бел будым

Бірінші: Құрметті; Президент Назарбаев Нурсултан, сізге мың алғыс, осындай біздің ауданымызғы білімді, инабатты қара қылды қақ жаратын, адамның жан дүниесін түсінетін сот төрағасын тағайындағаныңызға. Себебі, сіз тағайындаған сот төрағасы Тасболат Машраповтың арқасында менің әулетім бақытқа бөленді. Енемнің көзі, немерелерімнің сыйға берген алтындары мен тістырнақтап, сіздің берген зейнетақыңыздан жинаған 300 000 теңге ақшам түгел қайтты. Қазақ бекер айтпаған, «Қайтқан малда қайыр бар» деп, сол үшін сізге алғысым шексіз, жүз жасаңыз.

Екінші: Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының төрағасы Жақып Асанов балама айтарым, сіздің басшылық жасап отырған соттарыңызға да қайта-қайта рахмет пен алғыс айтамын. Ілгеріден қалған сөз бар, Басшы қалай болса, қосшы солай болады деген. Әлбетте адамның еңбегі мен адамгершілігін бағалау керек. Біз сияқты қарт, аурушаң ана, әлсіз азаматтарды алаяқтардан қорғап, Президент Назарбаев Нурсултанның сенімін ақтап, халықтың алғысына бөлене беріңіз. Айналайын, отбасыңда амандық болсын, қызметте алда бол, өс, өн, көргенің тек қана жақсылық болсын.

Еліміз тыныш, жұртымыз аман, соның ішінде ел бастаған ер азаматтарымыз аман болсын.

Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш ауданы, Жылға ауылы, Көпжасаров көшесі, №9 үй тұрғыны,
80 жастағы көп балалы батыр ана,
Несибели Абдрахмановна Каликулонадан